

"Көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезіндегі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парактаратын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 қарашадағы № 453 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2018 жылғы 23 қарашадағы № 77 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 201 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 1 маусымдағы № 95 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 1 маусымда № 32655 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезіндегі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парактаратын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 қарашадағы № 453 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2018 жылғы 23 қарашадағы № 77 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17797 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезіндегі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес көмірсүтектерді барлауға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты құрлықтағы көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі тексеру парагы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес көмірсүтектерді өндіруге жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты құрлықтағы көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі тексеру парагы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес көмірсүтектерді барлауға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты теңіздегі көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі тексеру парагы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес көмірсүтектерді өндіруге жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты теңіздегі көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі тексеру параграфы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығы тоқтатылған жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі тексеру параграфы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес теңіз объектілерін құруға және орналастыруға рұқсаты құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тексеру параграфы бекітілсін.";

Көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезіндегі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъекті – көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғалар, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығы тоқтатылған жеке немесе заңды тұлғалар;

2) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

3) болмашы бұзушылықтар – шикі газды қайта өндеуді дамыту бағдарламаларының орындалуы туралы есептерді жыл сайын көмірсүтектер саласындағы уәкілетті органға жіберу бойынша талапты сақтамаумен;

қабаттарды сынамалау және ұнғымаларды сынау кезінде әрбір өнімді қабаттарды дербес тестілеу бойынша талапты сақтамаумен (жобалау құжатында белгіленген, бірақ кәсіпшілік-геологиялық және гидродинамикалық зерттеулер кешенін жүргізе отырып әрбір сынақ объектісі үшін 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге)

ұнғымалардың технологиялық жұмыс режимдерінде әрбір өндіруші ұнғыма үшін – сұйықтықты іріктеудің технологиялық нормасының және әрбір қысыммен айдау ұнғымасы үшін – ауыстыру агентінің (қабылдағыштық) көлемінің болмауымен;

объектіні игеру шарттарының тұрақтылығына байланысты ай сайын немесе тоқсанына бір рет жасалатын, өндіру ұнғымалары жұмысының технологиялық режимдерінің болмауымен. Өндіруші ұнғымалар жұмысының технологиялық режимдерімен бір мезгілде ұнғымалардан және тұтастай пайдалану объектісінен сұйықтық алу нормаларын қамтамасыз ету жөніндегі геологиялық-техникалық іс-шаралар жоспары жасалады және бекітіледі;

Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес конкурстық комиссияны қалыптастыруға қойылатын талаптарды сақтамау;

Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес ашық конкурс және конкурстық құжаттама өткізу туралы хабарландыруды тізілімде (жүйеде) орналастыруға қойылатын талаптарды сақтамау;

4) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

5) елеулі бұзушылықтар – Кодекстің міндеттейтін нормаларын сақтамаумен байланысты бұзушылықтар;

6) өрескел бұзушылықтар – Кодекстің тыйым салатын нормаларын сақтамаумен байланысты бұзушылықтар;

7) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мұдделеріне, мемлекеттің мүліктік мұдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

8) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

11) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі)

үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан.";

10 және 11-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Тәуекел дәрежелерін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеріс парағында көрсетілген заңнама талаптары сақталмаған кезде белгіленеді.

Рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру үшін тәуекел дәрежесін бағалау үшін ақпарат көзі – алдыңғы тексерулердің нәтижелері пайдаланылады.

11. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулердің (SP) нәтижелері бойынша бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін және субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (SC) қорытындылау жолымен автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады, кейіннен деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіреді.

$R_{\text{пром}} = SP + SC$, қайда

$R_{\text{пром}}$ -субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобын бақылаудың әрбір субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жататын бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктемелі жиынтық (іріктеме) құрайды.

Алдыңғы тексерулердің нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 10-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 100 балл теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрсекел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және елеусіз дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш келесі формула бойынша есептеледі:

$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$, мұндағы:

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың қажетті саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтар саны;

Шамалы бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш келесі формула бойынша есептеледі:

$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3$, мұндағы:

SP_n – шамалы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – кішігірім бұзушылықтардың қажетті саны;

SP_2 – анықталған шамалы бұзушылықтар саны;

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100 балға дейінгі шкала бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және елеусіз бұзушылықтар көрсеткіштерін жинақтау жолымен айқындалады:

$SP = SP_3 + SP_n$, қайда:

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_n – шамалы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Жалпы көрсеткіштің алынған мәні кәсіпкерлік субъектісін мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызуға негіз болып табылады:

1) тәуекелдің жоғары дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қоса алғанда 71-ден 100-ге дейін болған кезде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) тәуекелдің орташа дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ке дейін қоса алғанда болғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізіледі;

3) тәуекелдің төмен дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ға дейін қоса алғанда болғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдылығын және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес 0-ден 100 балға дейінгі шкала бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші есептеледі.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0ден 100 балға дейінгі шкала бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ қайда}$$

x_i – субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i – x_i субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы,

n – көрсеткіштер саны.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формуланы пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\min}}{R_{\max} - R_{\min}},$$

R – жеке бақылау субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттары бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{\max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі шкаласы бойынша ең жоғары ықтимал мән (шкаланың жоғарғы шекарасы),

R_{\min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі шкаласы бойынша мүмкін болатын ең тәменгі мән (шкаланың тәменгі шекарасы),

R_{пром} – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес көмірсүтектерді барлауға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығы бар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты құрлықта көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде субъектілерге қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

Осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес көмірсүтектерді өндіруге жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығы бар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты құрлықта көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі

операцияларды жүргізу кезінде субъектілерге қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

Осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес көмірсүтектерді барлауға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығы бар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты теңізде көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде субъектілерге қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

Осы Өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес көмірсүтектерді өндіруге жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығы бар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты теңізде көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде субъектілерге қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

Осы Өлшемшарттарға 5-қосымшаға сәйкес теңіз объектілерін құруға және орналастыруға рұқсаты құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты көмірсүтектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде субъектілерге қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттарға 6, 7, 8 және 9-қосымшаларда келтірілген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес белгіленеді.

Талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдер қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың еселігін бақылау органы жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жылына бір реттен жиі емес айқынрайды.

Алышатын мәліметтерді талдау және көрсеткіштер бойынша бағалау жылына екі рет есепті жылдың бірінші мамырына дейін және бірінші желтоқсанына дейін жүзеге асырылады.

Егер бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілген болса, соңғы бару арқылы профилактикалық бақылаудың аяқталу күнінен кейінгі күннен бастап жүргізілетін талдаудың басталуына дейінгі кезең талдау кезеңі болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартышылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.";

көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшалармен толықтырылсын ;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 2-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

2	Технологиялық кәжеттіліктеге тұтынатын немесе авариялық жағдай қатері немесе оның туындауы, персоналдың өміріне немесе халық денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнүі, ұнғыма объектілерін сынау кезіндегі, шикі газды кен орнын сынамалап пайдалану кезіндегі жағылатын көмірсутектерді қоспағанда, көмірсутектерді, оның ішінде барлау кезінде өндірілген, толық көлемде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына беруге міндеттін сактау		
---	--	--	--

".

реттік нөмірі 11-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

	Бірінші басшының немесе уәкілдегі өкілдің электрондық цифрлық колтаңбасымен куәландырылған жер		
--	--	--	--

қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі арқылы заңнамада белгіленген нысандар мен тәртіп бойынша төменде көрсетілген есептерді көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға ұсыну жөніндегі талапты сактау:

- 1) сатып алған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы ел ішіндегі құндылық көлемі туралы;
- 2) кадрлардағы ел ішіндегі құндылық туралы;
- 3) қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру жөніндегі шығыстар туралы;
- 4) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы;
- 5) лицензиялық-келісімшар ттық шарттардың орындалуы туралы;
- 6) жер қойнауын пайдалануышыны тіkelей немесе жанама бақылайтын адамдардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы;
- 7) Мұнай мен газ конденсатын өндіру және тапсыру жөніндегі тәуліктік ақпарат туралы;
- 8) мұнай, газ конденсатын өндіру және кен орындары (ұнғымалар) бойынша игеру сатылары жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы;

	<p>9) мұнайды, газ конденсатын нақты ай сайын өндіру және тапсыру туралы;</p> <p>10) мұнай балансы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>11) компанияның мұнай бағасы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>12) алушылар бойынша мұнай мен газ конденсатын өндіру, өткізу және қалдықтары жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>13) мұнай мен газ конденсатын өндіру және тапсыру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>14) ілеспе және табиғи газды өндіру жөніндегі тәуліктік ақпарат туралы;</p> <p>15) ілеспе және табиғи газды нақты ай сайын өндіру туралы;</p> <p>16) ілеспе және табиғи газдың қозғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>17) ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы</p>
--	--

" ;

реттік нөмірлері 22, 23, 24 және 25-жолдар жаңа редакцияда жазылсын:

"

22	<p>Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес конкурсстық комиссияны</p>	
----	--	--

	калыптастыруға қойылатын талаптарды сақтау		
23	Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінде көзделмеген конкурстық құжаттамада өзге де талаптарды белгілеуге жол бермеу		
24	Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес ашық конкурс және конкурстық құжаттама өткізу туралы хабарландыруды тізілімде (жүйеде) орналастыруға қойылатын талаптарды сақтау		
25	Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін бұза отырып, әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін Тапсырыс берушінің негіzsіз жіберуіне және (немесе) қабылдамауына жол бермеу		

";

реттік нөмірі 32-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

32	Ай сайын есепті айдың алдындағы айдың бесінші күніне дейін графикті қалыптастыру үшін мұнай беруге өтінім беру жөніндегі талапты сақтау		
----	---	--	--

";

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 3-қосымшада:

реттік нөмірі 14-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

	Бірінші басшының немесе уәкілдік өкілдің электрондық цифрлық қолтаңбасымен күәландырылған жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңгай мемлекеттік жүйесі арқылы заннамада белгіленген нысандар мен тәртіп бойынша төменде көрсетілген есептерді көмірсүткөр саласындағы уәкілдік органға ұсыну жөніндегі талапты сақтау: 1) сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы ел ішіндегі құндылық көлемі туралы; 2) кадрлардағы ел ішіндегі құндылық туралы; 3) қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру жөніндегі шығыстар туралы; 4) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы;		
--	--	--	--

- 5) лицензиялық-келісімшар ттық шарттардың орындалуы туралы;
- 6) жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын адамдардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы;
- 7) мұнай мен газ конденсатын өндіру және тапсыру жөніндегі тәуліктік ақпарат туралы;
- 8) мұнай, газ конденсатын өндіру және кен орындары (ұнғымалар) бойынша игеру сатылары бойынша ай сайынғы ақпарат туралы;
- 9) мұнайды, газ конденсатын нақты ай сайын өндіру және тапсыру туралы;
- 10) мұнай балансы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы;
- 11) компанияның мұнай бағасы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы;
- 12) алушылар бойынша мұнай мен газ конденсатын өндіру, өткізу және қалдықтары жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы;
- 13) мұнай мен газ конденсатын өндіру және тапсыру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы;
- 14) ілеспе және табиғи газды өндіру жөніндегі тәуліктік ақпарат туралы;
- 15) ілеспе және табиғи газды нақты ай сайын өндіру туралы;
- 16) ілеспе және табиғи газдың козғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы;

	17) ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы акпарат туралы	
--	--	--

".

реттік нөмірлері 32, 33, 34 және 35-жолдар жаңа редакцияда жазылсын:

"

32	Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес конкурсстық комиссияны қалыптастыруға қойылатын талаптарды сақтау		
33	Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінде көзделмеген конкурсстық құжаттамада өзге де талаптарды белгілеуге жол бермеу		
34	Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес ашық конкурс және конкурсстық құжаттама өткізу туралы хабарландыруды тізілімде (жүйеде) орналастыруға		

	койылатын талаптарды сақтау		
35	Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін бұза отырып, әлеуетті өнім берушілердің конкурсстық өтінімдерін тапсырыс берушінің негізсіз жіберуіне және (немесе) қабылдамауына жол бермеу		

" ;

реттік нөмірі 48-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

	Ай сайын есепті айдың алдындағы айдың бесінші күніне дейін графикті қалыптастыру үшін мұнай беруге өтінім беру жөніндегі талапты сақтау		
48			

" ;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 4-қосымшада:

реттік нөмірі 11-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

	Бірінші басшының немесе уәкілдегі өкілдің электрондық цифрлық қолтаңбасымен күэландырылған жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі арқылы заңнамада белгіленген нысандар мен тәртіп бойынша төменде көрсетілген есептерді көмірсүтектер саласындағы уәкілдегі органға ұсыну жөніндегі талапты сақтау:		
--	---	--	--

- 1) сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы ел ішіндегі құндылық көлемі туралы;
- 2) кадрлардағы ел ішіндегі құндылық туралы;
- 3) қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру жөніндегі шығыстар туралы;
- 4) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы;
- 5) лицензиялық-келісімшар ттық шарттардың орындалуы туралы;
- 6) жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын адамдардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы;
- 7) мұнай мен газ конденсатын өндіру және тапсыру жөніндегі тәуліктік ақпарат туралы;
- 8) мұнай, газ конденсатын өндіру және кен орындары (ұнғымалар) бойынша игеру сатылары бойынша ай сайынғы ақпарат туралы;
- 9) мұнайды, газ конденсатын нақты ай сайын өндіру және тапсыру туралы;
- 10) мұнай балансы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы;
- 11) компанияның мұнай бағасы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы;

	<p>12) алушылар бойынша мұнай мен газ конденсатын өндіру, откізу және қалдықтары жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>13) мұнай мен газ конденсатын өндіру және тапсыру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>14) ілеспе және табиғи газды өндіру жөніндегі тәуліктік ақпарат туралы;</p> <p>15) ілеспе және табиғи газды нақты ай сайын өндіру туралы;</p> <p>16) ілеспе және табиғи газдың козғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>17) ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы</p>	
--	---	--

" ;

реттік нөмірлері 22, 23, 24 және 25-жолдар жаңа редакцияда жазылсын:

" "

22	Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес конкурсстық комиссияны қалыптастыруға койылатын талаптарды сактау		
23	Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін		

	кызметтерді сатып алу тәртібінде көзделмеген конкурстық құжаттамада өзге де талаптарды белгілеуге жол бермеу		
24	Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес ашық конкурс және конкурстық құжаттама өткізу туралы хабарландыруды тізілімде (жүйеде) орналастыруға қойылатын талаптарды сақтау		
25	Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін бұза отырып, әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін Тапсырыс берушінің негізсіз жіберуіне және (немесе) қабылдамауына жол бермеу		

" ;

реттік нөмірі 32-жол жаңа редакцияда жазылсын:

" "

32	Ай сайын есепті айдың алдындағы айдың бесінші күніне дейін графiktі қалыптастыру үшін мұнай беруге өтінім беру жөніндегі талапты сақтау		
----	---	--	--

" ;

реттік нөмірі 33-жол алып тасталсын;
 көрсетілген бірлескен бұйрыққа 5-қосымшада:
 реттік нөмірі 14-жол жаңа редакцияда жазылсын:
 "

	<p>Бірінші басшының немесе уәкілдегі өкілдің электрондық цифрлық колтаңбасымен куәландырылған жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңгай мемлекеттік жүйесі арқылы заңнамада белгіленген нысандар мен тәртіп бойынша төменде көрсетілген есептерді көмірсүткөр саласындағы уәкілдегі органға ұсыну жөніндегі талапты сақтау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы ел ішіндегі құндылық көлемі туралы; 2) кадрлардағы ел ішіндегі құндылық туралы; 3) қазақстандық кадрларды оқытуды каржыландыру жөніндегі шығыстар туралы; 4) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструктор лық жұмыстарға арналған шығыстар туралы; 5) лицензиялық-келісімшар ттық шарттардың орындалуы туралы; 6) жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын адамдардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы; 	
--	--	--

- | | |
|--|--|
| | <p>7) мұнай мен газ конденсатын өндіру және тапсыру жөніндегі тәуліктік ақпарат туралы;</p> <p>8) мұнай, газ конденсатын өндіру және кен орындары (ұнғымалар) бойынша игеру сатылары бойынша ай сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>9) мұнайды, газ конденсатын нақты ай сайын өндіру және тапсыру туралы;</p> <p>10) мұнай балансы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>11) компанияның мұнай бағасы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>12) алушылар бойынша мұнай мен газ конденсатын өндіру, өткізу және қалдықтары жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>13) мұнай мен газ конденсатын өндіру және тапсыру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>14) ілеспе және табиғи газды өндіру жөніндегі тәуліктік ақпарат туралы;</p> <p>15) ілеспе және табиғи газды нақты ай сайын өндіру туралы;</p> <p>16) ілеспе және табиғи газдың қозғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>17) ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы</p> |
|--|--|

"
",

реттік нөмірі 22-жол алып тасталсын;

реттік нөмірлері 34, 35, 36 және 37-жолдар жана редакцияда жазылсын:

"

34	<p>Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес конкурстық комиссияны қалыптастыруға қойылатын талаптарды сақтау</p>		
35	<p>Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінде көзделмеген конкурстық құжаттамада өзге де талаптарды белгілеуге жол бермеу</p>		
36	<p>Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес ашық конкурс және конкурстық құжаттама өткізу туралы хабарландыруды тіzlімде (жүйеде) орналастыруға қойылатын талаптарды сақтау</p>		
	<p>Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу</p>		

37	<p>кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін бұза отырып, әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін тапсырыс берушінің негізсіз жиберуіне және (немесе) қабылдамауына жол бермеу</p>	
----	--	--

" ;

реттік номірі 50-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

50	<p>Ай сайын есепті айдың алдындағы айдың бесінші күніне дейін графикті қалыптастыру үшін мұнай беруге өтінім беру жөніндегі талапты сақтау</p>	
----	--	--

" ;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 6-қосымшада:

реттік номірі 2-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

2	<p>Жою немесе консервациялау жобасы бекітілгеннен және олардың сараптамаларының он корытындылары алынғаннан кейін заңнамамен белгіленген тәртіпте дереу жер қойнауын пайдалану салдарын жою немесе жер қойнауы участкесін консервациялау бойынша жұмыстарды бастау бойынша міндетін сақтау</p>	
---	--	--

" ;

осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшага сәйкес көрсетілген бірлескен бұйрыққа 7-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің көмірсутектер және жер қойнауын пайдалану салаларындағы мемлекеттік бақылау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

A. Куантыров

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

A. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 1 маусымдағы

№ 95 мен

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2023 жылғы 31 мамырдағы
№ 201 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Көмірсүтектер саласында жер
қойнауын пайдалану бойынша
операцияларды жүргізу кезіндегі
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

Көмірсүтектерді барлауға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу
құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты құрлықтағы көмірсүтектер саласында
жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде талаптардың бұзылу
дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз ету сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ ол болмаған кезде жер қойнауын пайдалану операцияларын тез арада тоқтату немесе оны жою бойынша міндетін сактау	Елеулі
2	Технологиялық қажеттіліктерге тұтынатын немесе авариялық жағдай қатері немесе оның туындауы, персоналдың өміріне немесе халық денсаулығына және коршаған ортага қатер төнуі, үңғыма объектілерін сынау кезіндегі, шикі газды кен орнын сынамалап пайдалану кезіндегі жағылатын көмірсутектерді қоспағанда, көмірсутектерді, оның ішінде барлау кезінде өндірілген, толық көлемде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына беруге міндетін сактау	Елеулі
3	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі ақпаратты (құжаттарды) электрондық және қағаз форматта жүргізу және сактау жөніндегі талапты сактау, атап айтқанда: үңғымаларды пайдалану және геологиялық-техникалық іс-шараларды орындау бойынша; үңғымалардың жұмыс режимі бойынша материалдар; көмірсутектерді өндіру жөніндегі барлық жұмыстар туралы; кен орны бойынша бастапқы құжаттама; жүргізілген жөндеу жұмыстары, оларды күтіп-ұстау, жабдықтар мен үңғымалар жұмысының жөндеуаралық кезеңі, сондай-ақ объектіні пайдаланудың бүкіл кезеңі ішінде орындалған жұмыстардың техникалық-экономикалық тиімділігі туралы; көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде әртүрлі максаттағы мұнай, газ және айдау үңғымаларын консервациялау және (немесе) жою жөніндегі барлық материалдар (актілер,	Елеулі

	бұйрықтар, хаттамалар және басқа материалдар).	
4	Жер қойнауы участкесінің аумағындағы бұрын бұргыланған барлық ұнғымаларды балансқа қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізуге міндетін сактау	Елеулі
5	Жобалау құжатына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу жөніндегі талапты, сондай-ақ жобалау құжаты болмаған кезде осындай жұмыстарды жүргізуге тыйым салуды сактау	Өреспел
6	Техникалық жобалау құжатына сәйкес кен орнын жайластыру жөніндегі талапты сактау	Өреспел
7	Өндіріліп алынған көмірсүтектерді дұрыс есепке алуды қамтамасыз ету бойынша міндетін сактау	Елеулі
8	Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою және (немесе) жер қойнауы участкесін консервациялау жөніндегі талапты сактау	Елеулі
9	Технологиялық объектілерді жою және (немесе) консервациялау жөніндегі талапты сактау	Елеулі
